

## «Ғасыр жыры – Қыз Жібек» жыр кеші

Қазақ халқының ертеден келе жатқан мәдени мұраларының бірі – халық ауыз әдебиеті. Қазақ ауыз әдебиетінде тұрмыс-салт жырларының ертеден келе жатқан бірнеше үлгілері бар. Солардың ішінде ең негізгілері деп «Қыз Жібек», «Қозы – Көрпеш - Баян сұлу», «Айман – Шолпан» жырларын айтуға болады.

«Қыз Жібек» жыры ертегі, аңыз, көлемді жыр үлгісінде де сан ғасырдан бері айтылып келеді. Алайда жырдың мәтіні тек ХІХ ғ. екінші жартысында ғана хатқа түсе бастаған. «Қыз Жібек» жыры бағалы эпостық мұраларымыздың бірі болып саналады. Жырдың 15-тен аса халықтық нұсқалары ауызша ұрпақтан ұрпаққа ауысып, бүгінгі күнге жеткен. Бұл эпостың пайда болғанына бес ғасырдан аса уақыт өтті.

2014 ж. 14 тамызында С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Ғасыр жыры – Қыз Жібек» жыр кеші өткізілді. Кеште «Қыз Жібек» жырының 1900 жылы жарияланған ақын Жүсіпбек қожа Шайхысламұлының нұсқасы орындалды. Жырды орындаған - кештің құрметті қонағы, кітапхананың үздік оқырманы, жанашыры, халық ауыз әдебиетін, төл тарихымыздың құндылықтарын жастарға, келешек ұрпаққа насихаттап жүрген Республика және облысымызға кеңінен танымал жыршы Даниял Сабырұлы Әсенов.

Кеш қонақтарының назарына «Ғасыр жыры – Қыз Жібек» атты үлкен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге 60-тан аса басылым қойылды. Тұрмыс салт-дәстүр жырларына, жалпы халық ауыз әдебиетіне арналған әдебиеттер қойылды. Оның ішінде Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының 10-нан аса томы «Ғашықтық жырларға» арналған. «Қыз Жібек» жыры ерекше орын алды. «Қыз Жібек» дастанының қазақ-орыс тіліндегі (Е.Александров, Б.Бектұрғанов, А.Дәнекеров, Р.Мазходжаев, Б.Қанапиянов, Л.Пеньковский және т.б.) нұсқалары, дастан туралы әдебиеттаным, сын (М.Әуезов, М.Мағауин және т.б.) мақалалар, Көрме суретшілер А.Дүзелхановтың, Е.Сидоркиннің, Г.Исмаилованың жұмыстарымен безендірілді.

Кешке мұражай, кітапхана, кеден департаментінің қызметкерлері, жергілікті зиялы қауым жалпы кітапхана оқырмандары қатысты. Бұл шара келушілер арасында үлкен қызығушылық тудырды. Келген жұртшылық үлкен бір рухани әсер алып, ризашылықтарын білдірді.

**М.Ж. Исакаева,  
С.Торайғыров атындағы  
ОӘҒК кітап қорын сақтау  
бөлімінің меңгерушісі.**